

# UZDİK USTAZ



**МУҚАШЕВА ЛАУРА ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, РАЙЫМБЕК АУДАНЫ, СҮМБЕ АУЫЛ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП  
ДИРЕКТОРЫ**

«Бос қабырғада баланың тілі шықпайды...» - деп өз уақытында Е.И.Тихеева атап өткен. Бала тілінің дамуында ата-ананың атқаратын ролі аз емес. Балабақшадан бөлек ата-ана да баланың тіл дамытуына арналған түрлі жаттығу мен ойындарды өткізіп отыруы қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісіне тәрбиешінің - балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап анықтап әрі байытып отыру басты міндет саналады. Бұндай міндеттерді тәрбиеші міндетті түрде барлық сөздік жұмыстар арасында қолдануы керек. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулар пайдаланған әлдеқайда тиімдірек. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез – келген бала еш уақытқа жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір – бірімен өзара қарым – қатынас жасайды. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып өзіне таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын - бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады.

Қоршаған ортамен таныстыру бойынша балалар өзінің аты-жөнін, жасын, жанұясын, балабақшадағы тәрбиешілермен топтағы балалардың аты-жөнін тани бастайды. Балабақшаның ішкі құрылысымен таныстырылып, топ бөлме, асхана, дәрігер бөлмесі, т.б айырмашылықтарын ажырата бастайды. Сонымен қатар, әр бөлмеде жұмыс түрін, қажетті құралдарды, олардың аты, не үшін қажет, неден жасағаны, қайда, кімде, қандай, кім не істейді сұрақтарына дұрыс жауап беруге балабақшада өздері немен шұғылданатыны туралы әңгімелейді.

Балалар, әсіресе, ұлдар жағы қызығы көлік түрлерін, яғни ұшақ, поезд, жеңіл, жүк машина және әртүрлі көліктер түрлерінің міндеттерін жақсы біледі. Балалар бос уақытында жүк машинасымен ойнағанды жақсы көреді. Ол өз ойыншығы жайлы айту арқылы көрінбейтін түрде өз тілін өзі дамытып жатыр. Қоршаған ортаның бала тілін осы мектепке дейінгі кезеңде дамытудағы алатын ролі зор.

### **«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДЕРІН ДАМУЫ»**



**Шымкент қаласы**

**Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебі**

**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**Бектаева Айгуль Тургинбеккызы**

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз.

Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу. «Надан жұрттың күні - қараң, келешегі тұман», - деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Қазіргі мұғалімдердің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру.

Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Қазақ тілі және әдебиеті сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысынан тиімділігін арттыру бүгінгі жоғары және орта мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесінің педагогикалық мәселелерінің бірі. Оқушы қабілеті дегеніміз оның педагогикалық ықпал аясында білім алу әрекеті, жеке тұлғаны дамыта оқыту әдістері, оның шығармашылық қабілетінің дамуына әсерін тигізеді.

«Қазақстан-2030» атты еліміздің стратегиялық бағдарламасында ең негізділерінің бірі – жоғары интеллектуальды жастарды жан-жақтылыққа тәрбиелеу, олардың потенциалдық деңгейінің көтерілуіне үлес қосу. Сондықтан, ұстаз-мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас

ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аударған жөн. Оқушы қызметін активтендіру негізінде педагогикалық технологияларының бірі-деңгейлік саралау технологиялардың элементтерімен қатар ақпараттық технологияны да қолданып жүрмін.

Қазіргі қоғамымызда болып жатқан түбірлі өзгерістерге байланысты әрбір мұғалім оқытудың сан қилы әдістері мен формаларын білуі қажет. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, еңбек етуге баулу, жауапкершілік сезімін қалыптастыру мұғалімнің басты талабы. Жаңа талаптарға сай көптеген оқыту технологиялары бар. Солардың бірі – профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясы. Бұл технология оқушының ой-өрісінің дамуына, пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Әрбір тарау бойынша деңгейлік тапсырмалар – дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлауын, елестету мен еске сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасын қамтамасыз етеді. Еліміздің, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы басты міндетті. ХХІ ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адам қалыптастыру бағытындағы білім беру ісі – бүгінгі күн талабы. Бұл талапқа жету жолы-білім берудің тиімді жолдарын таңдай білу.

Сондай тиімді жолдардың бірі – қазақ тілі және әдебиеті пәнін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту. Оны меңгеру мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу- тәрбие үрдесін ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытудың жаңа технологияларын алдымен жете меңгеріп, одан соң оқу мазмұнына, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдап пайдаланудың маңызы зор.

Осы технологияны қолдану негізінде әрбір бала бойындағы дара қабілет анықталады, әр оқушы әр сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны өзі игеріп, ізденіп, пікір таластыру деңгейіне жетіп, даму үстінде болады.

Академик В.Л.Беспальконың анықтамасы бойынша педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы. Ал педагогикалық жүйе дегеніміз оқытудың әдістемелік жүйесі, формасы мен құралдары мен оған сәйкесті дидактикалық дербес деңгейлік принциптердің талаптарына сәйкес жаңа тұрпаттағы оқулықтар және оларға қосымша төрт деңгейдегі тапсырмалары берілген жұмыс дәптері.

Деңгейлік тапсырмаларға төмендегідей талаптар қойылады:

- о жас құрамы бойынша (сыныптар, жасы бойынша тетелестер, әр жастағы білім деңгейі бір топта);
- о жынысы бойынша (бір мектептен, мектеп, сынып, әйел, ер, аралас);
- о ақыл-ой даму деңгейі бойынша (ойлау қабілеті, темпераменті, мінез-құлық);
- о денсаулық деңгейі бойынша (жалпы топ, денсаулығы нашарлар, көз көрмеу, құлағының естімеуі және т.б.)

Деңгейлік оқыту мақсаты – әр сыныпта әр топтың, әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне сай жалпы білім беру.

· дәстүрлі оқытуға тән ерекшелік оқушылардың барлығы бірдей тең дәрежеде оқытуды қабылдамайды. Оқыту мазмұны әр сыныпқа, топқа, оқушыларға білімді қабылдау қабілетіне сай ұсынылады.

· мұғалімнің білімі нашар оқушыларға көмектесу қабілеті жоғарыларға ерекше назар аударуға мүмкіндігі болады.

· оқушының өз қабілеттерін терең жан-жақты жүзеге асыруға мүмкіндігі болады.

· «Мен» тұжырымы деңгейі көтеріледі, қабілеттік, білімділігін тереңдетеді, сенімі бекиді, білімі нашарлардың өзіне сенімі пайда болады.

· оқуға қызығушылық пайда болады.

Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың әр түрлі білім дәрежесіне сай ұсынылады.

Деңгейлік тапсырмаларды орындағанда мұғалім – бақылаушы, кеңесші.

Деңгейлік тапсырмаларды қолдануда оқушылардың ақыл-ой еңбегін жетілдіру талабы қойылады. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар оны орындау әдістемелік кешенімен ұсынылады.

Деңгейлік тапсырмалардың тиімділігі: оқу шығармашылық сатыға мұғалім арқылы емес, оқушының өзі, іс-әрекеті арқылы жүзеге артады. Бұл технологияның негізгі ерекшелігі, ұтымдылығыда осында. Мұнда оқушының шығармашылық білігі қалыптасады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты. Бүгінгі күні мектебімізде интернет желісіне қосылған компьютерлік кабинет, жаңа үлгідегі жабдықталған мультимедиа-лингофон кабинеті, интерактивті тақтасы бар кабинеттер жұмыс жасауда. Бұл тақталар, компьютерлер тектен тек құрылып жатқан жоқ, яғни кез-келген мұғалім, сонын ішінде әсіресе бастауыш сынып мұғалімдері ақпараттық технологияларды тиімді, ұтымды пайдалана білуі керек деген сөз.

Күнделікті сабаққа бейне, аудио қондырғыларын, теледидар мен компьютерді қолдану айтарлықтай нәтиже беретіні белгілі. Күрделі оқып үйретуші программалармен, электронды оқулықтармен жұмыс істеу өте қызықты және оқытуды белсендіріп, педагогикалық әсерін тигізеді. Әрине, бұның бәрі сабақ жақсы техникалық, программалық және әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген кезде, ал мұғалім компьютермен еркін жұмыс істей алған кезде ғана туады. Мультимедиа, Интернет технологияларының кең етек жаюы ақпараттық технологияларды толық білім сапасына енгізіп, оқытудың жаңа тиімді құралы етуге болатынын дәлелдейді.

Қорыта келе айтқанда, деңгейлік тапсырмалар орындау негізінде оқытудың тиімділігі:

- қазақ тілі және әдебиет сабағының мазмұны мен сапасы артады;
- оқушылардың физио-психологиялық ерекшеліктеріне сай ойлау, сөйлеу қабілеттері дамиды;
- оқушы өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, шеберлігі шыңдалады;
- жауапкершілігі артады, шығармашылығы қалыптасады;
- жүйелі оқыту принциптері арқылы оқушы өзін-өзі дамытып, өзін-өзі бағалап білім деңгейін өрбіте алады;
- оқушы өз қызметіне талдау жасайды, қорытынды шығарады, өзіне өзі баға береді, жаңалыққа ұмтылады.

Сабақтарда ақпараттық технологияларды қолдану оқушының білім алу ынтасын арттырады, танымдық қызығушылығын көтереді және де өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5 % және көргенінің 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 % дейін арттырады.

## **БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ**



*Шымкент қаласы  
Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беру мектебі  
Биология пәнінің мұғалімі  
Куздеубаева Калина Айнабековна*

Мақалада биология пәнін оқытуда цифрлық платформалардың қолданылуының маңызы мен тиімділігі қарастырылған. Автор цифрлық технологиялардың білім беру процесіндегі рөлін, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудағы және оқу нәтижелерін жақсартудағы мүмкіндіктерін талдайды. Сонымен қатар, мақалада Google Classroom, Kahoot, PhET сияқты платформалардың биологияны оқытуда қолданылуының артықшылықтары мен олардың оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытудағы маңызы көрсетілген. Дегенмен, цифрлық платформаларды қолдануда инфрақұрылымдық мәселелер, мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажеттілігі және оқушылардың ақпараттық жүктемесі сияқты бірқатар қиындықтар да анықталған. Мақала соңында цифрлық платформаларды білім беру жүйесіне енгізудің болашақтағы мүмкіндіктері мен осы бағытта атқарылуы тиіс жұмыстар қарастырылған.